

**Бәйдібек ауданының ауылдық елді мекендеріне 2011 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихат сессиясының 2011 жылғы 30 мамырдағы N 44/250 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 маусымда N 14-5-112 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2013 жылғы 4 ақпандағы № 7 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 04.02.2013 № 7 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысының 2-тармағына және аудан әкімінің мәлімдемесіне сәйкес аудандық мәслихат

### **Ш Е Ш Т І :**

1. Бәйдібек ауданына 2011 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына қажеттілікті ескере отырып, бір маманға жетпіс айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақысы және тұрғын үй сатып алу үшін бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып белгіленсін.

**Ескерту. Шешімнің бірінші тармағындағы "алты жүз отыз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада әлеуметтік қолдау ұсынылсын." деген сөздер "бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып белгіленсін." деген сөздермен ауыстырылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2011.09.27 N 47/277 Шешімімен.**

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен

с о ң

қ о л д а н ы с қ а

е н г і з і л с і н .

*Аудандық мәслихат сессиясының төрайымы: К.Рсалиева*

*Аудандық мәслихат хатшысы: С.Спабеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК